

Республикалық оқу орындарының балансындағы асхана және буфет ғимараттары мен жабдықтарын иелену және пайдалану құқығы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 қазан N 1218. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Оқушы жастарды әлеуметтік қорғау, республикалық оқу орындарының балансындағы асхана ғимараттары мен жабдықтарын тиімді пайдалану және бюджеттік қаражаттарды үнемдеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті республикалық оқу орындарына олардың бюджетіндегі асхана және буфет ғимараттары мен жабдықтарын иелену және пайдалану құқығын б е р с і н .

2. Республикалық оқу орындарының асханалары мен буфеттерін пайдаланудан түскен табыстары бюджеттен тыс (арнаулы) шотқа есептелсін және олардың жұмыс істеуін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтынан басқа, дотациялық емес негізде қамтамасыз етіп, қызметші құрамның еңбек ақысына, азық-түлік тағамдарын сатып алуға, жабдықтармен және керек-жарақтармен жабдықтауға, күрделі жөндеуге, шаруашылық және асханаларды ұстап тұруға байланысты басқа да шығыстарға пайдаланылсын.

3. Қаржы министрлігі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына арналған тамақтандырудағы бюджеттік қаржыландыруды сақтасын.

4. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері республикалық оқу орындарының олардың бюджетіндегі асхана және буфеттерді иелену мен пайдалану құқығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын.

5. Республикалық оқу орындары қызмет көрсетуі бұрын өздерінің асханалары мен буфеттеріне бекітілген ауданның студенттерін, оқушылары мен мектеп оқушыларын тамақтандыруды қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі